

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ  
КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ



**«Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде  
жаратылыстану-математика ғылымдарын дамыту»  
аймактық ғылыми-практикалық конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ**



**МАТЕРИАЛЫ  
региональной научно-практической конференции  
«Развитие естественно-математической науки  
в образовании Республики Казахстан»**

Костанай  
2015

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ  
КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ



«Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде  
жаратылыстару-математика ғылымдарын дамыту»  
аймақтық ғылыми-практикалық конференцияның  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**



**МАТЕРИАЛЫ**  
региональной научно-практической конференции  
«Развитие естественно-математической науки  
в образовании Республики Казахстан»

Костанай  
2015

## **ОҚУ САПАСЫН КӨТЕРУ ҮШИН АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

*Бісмазұл Р.С.- ф.-м.з.к., Қостанай мемлекеттік университеті  
Смағұл Е.С. – Қостанай ауданы; Глазунов орта мектебі*

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – окушылардың оку материалдарын толық менгеруі үшін оку материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер окушы үшін оку құралы, ал мұғалім үшін жұмысшы болып табылады. Оның қолданылуы нәтижелі болуы үшін бағдарламалық құралдар толық түрде мұғалімнің және окушының алдына қойған мақсатына жетуін және шығару жолдарын қамтамасыз ету керек. Еліміздің іргелі ел болып егемендігін алған асулы жылдарында мұғалім алдында жаңа талаптар мен міндеттері қойылуда. Яғни, болашақ ұрпағымызды білімді де білікті, мәдениетті де саналы етіп тәрбиелеуде мемлекеттік тілді заман талабына сай жаңаша оқыту мұғалім тарапынан өмірлік зор маңызы ие болып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі-балансың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Қазіргі кезде мектептерде жаңа қолдану жөнінде жие айтылып жатыр. Қазіргі педагогикалық технологиялар балалардың қабілеттерін біліктілік деңгейін, зеректіліктерін ескере отырып, даралап оқытууды қамтамасыз етеді және оқытуда құзыреттіліктерін іске асыруға көмектеседі.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Еңбек нарығының, еліміздің индустриялық инновациялық міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін білім сапасын жоғары деңгейге жеткізу» деп, негізгі мақсат атап көрсетілген.

Осы бағдарламада жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру мақсаты да ұстаздардан үлкен жауапкершілікті талаң етеді.

Бұл міндеттерді шешу үшін, нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр мұғалім, жеке тұлға күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа ақпараттық технологияларға, әлеуметтік, тұлғалық және жеке құзыреттіктерге ие болуы тиіс. Бұл талаптар күнделікті әдістемелік ахымстың жүйелі түрде үйімдастырылуы негізінде жүзеге асырылады.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы.

Осы аталған мақсатқа қол жеткізу үшін оқытудың ақпараттық технологияларын пайдаланған орынды.

«XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» болғандықтан бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды құзыреттілігін арттырып, пайдаланудың маңызы зор. Қазіргі кезде оқушыны белгілі бір біліммен ғана қамтамасыз ету жеткіліксіз. Оқушының өз бетінше білім алудына, ізденуіне көп мән берілуі тиіс. Олардың кәсіптік білім алудымен қатар ізденімпаз, тапқыр, ой-ерісі жоғары, өз пікірін ашық білдіретін, жаңашыл ұрпақ етіп тәрбиелеу керек. Бүгінгі заман талабы – қоғамның дамуымен бірге болашақ жастарды жаңашылдыққа, ізdemпаздыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Осы аталғандарды іске асыру үшін сабакта ақпараттық-коммуникативтік технологияларды құзыреттілігін арттырып, пайдалану маңызды болмак.

Жалпы ақпараттық-коммуникативтік технологияға тоқталатын болсақ, коммуникация – ақпаратты тасымалдан жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұфым, ал оқытудың ақпараттық технологиясы – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өндеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ету, білімді бүгінгі заман талабына сай жаңаша, ұтымды және тиімді турде оқырманның санасына жеткізе білу, педагогикалық іс-әрекетке өзгеріс енгізу, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлға ретінде жан-жакты қалыптасуы үшін жаңашылдық енгізу деп түсінуге болады.

Ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы мұғалім оқушының интелектуалдық, рухани азаматтық және басқа да адами келбетінің қалыптастыруына игі әсерін тигізеді. Ақпараттық технология – ізденімпаздыққа үйретеді.

Бүгінгі заман талабына сай жаңа технологиялармен сабак жүргізуде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану ете тиімді. Дәстүрлі білім берумен қатар, қазіргі білім беру және ақпараттық технологияларды негізделген дәстүрлі емес оқыту амал-тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Бұл технологияны пайдаланудың негізгі мақсаты:

- Ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқу-тәрбие процесінің барлық деңгейін жетілдіру, оқу-тәрбие жұмысына жаңашылдық енгізу;

- Ақпараттық – коммуникативтік технологиямен жұмыс істеу –

компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. «Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуіндегі мүштілім үшін тиімділігі неде?» деген сұраққа тоқталатын болсам:

- Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Сондықтан компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиалық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану окуорындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Ақпараттық технологияларды пайдалану барысында оқушылардың ақпараттық құзіреттілігі қалыптасады, қазіргі заман талабына сай интернет ресурстарды пайдаланады және білім беру үрдісінде оқушының шығармашылық қабілетінің дамытуына мүмкіндік береді. Сондықтан оқушылардың ақпараттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің бірі ретінде қарауға болады. Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабактың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар - жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту құралы. Бүгінгі таңдағы білім беру ісінің басты шарттарының бірі оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздең табуына мүмкіндік беру, олардың өз оқу траекторияларын өзінің тандай білуін есепке алу. Педагогтар өз сабактарында ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, мынадай артықшылықтарды көре алады:

- Тақырып шеңберіндегі айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады, яғни уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік алады;
- Оқушылардың интернет арқылы өз бетінше ізденіп жұмыс жасауларына мүмкіндік жасалады;
- Оқушы өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуіне мүмкіндік тұтызылады;
- Сабакта өтілетін тақырыпқа байланысты киноларды, слайдтарды, суреттерді, кестелерді пайдалана отырып, оқушылардың сабакқа деген қызығушылықтарын арттырады т.б.
- Электронды оқулықтарды пайдалану арқылы сабакқа жаңашылдық енгізеді[1].

Жоғарыда аталғандармен бірге білім беру жүйесінде электронды

окулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды окулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі - пәндік білім, екіншісі - компьютерлік білім. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамытуды білім берудің бір бөлігі ретінде қарауға болады. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабакқа компьютер, электрондық окулық, интерактивті тақта қолдану қарқынды дамуда. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабактар арқылы іске асырылада.

Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оку барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық окулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Садуов Ш. Р. Ақпараттық технология. Алматы, 2009.

### ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЕ В ШКОЛЕ «ЭФФЕКТИВНОСТЬ ЗАМЕНЫ ЛАМП НАКАЛИВАНИЯ НА ЭНЕРГОСБЕРЕГАЮЩИЕ»

*Абидов А., Есимова Ж., Базылбеков Н.  
Костанайский государственный педагогический институт  
Научный руководитель: Оспанова Ш.Б.*

Вопросы экономии ресурсов с каждым годом становятся все актуальнее. Их значимость связана, прежде всего, с экономическими и экологическими проблемами. Долгое время, экономические и экологические проблемы рассматривали в отдельности друг от друга. Однако, доказано, что обе группы проблем могут и должны решаться в комплексе.

Экономия энергии в школе, важная с экологической точки зрения, может оказаться выгодной экономически.

Реализация подобного проекта позволит сэкономить бюджетные средства, а также станет полезным элементом воспитательной системы школы и внесет важный вклад в развитие экологического образования. Наш век информационный, и часто дети из средств массовой информации получают много негативных сообщений, которые заставляют их чувствовать свое бессилие в решении экологических проблем. У учащихся формируется